



## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР ӨТТІ

Ақтөбеде жастарға арналған «Қарызсыз қоғам» 5 күндік семинар-тренингі өтті. Қатысушыларға қаржылық сарапшы Жанар Балғабоева мен Айгүл Сәксенова қаржылық сауаттылық дәрістерін оқыды. Бұл туралы Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығының баспасөз қызметі мәлімдеді.

Балауса НҰРҚЫЗЫ  
kerekinfoaktobe@gmail.com

Жеке қаржыны басқару жобасы аясындағы тренингте қала жастары қаржылық сауаттылықты арттырып, қаражатты тиімді әдіспен пайдалануды және қаржыны басқаруда кедергі болатын негізгі мәселелермен танысты. Сонымен қатар спикерлер қаржы сауаттылығын арттырудың басты стратегияларын

таныстырып, ақшаны жинауды, бюджетті сауатты жоспарлауды және шығындарды рационалды жарату туралы түсіндірді.

150-ге жуық қала жасы қатысқан шараны Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығы «Аманат» саяси партиясы, «Ұлы Дала» ауыл бизнесін дамыту ассоциациясының қолдауымен ұйымдастырған. Шара соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды.

## АҚТӨБЕДЕГІ УНИВЕРСИТЕТ ЖАСТАРЫ ҚАЙЫРЫМДЫ ІС ТЫНДЫРДЫ

Ақтөбе қаласындағы Бәйішев университетінің жастары «Қайырымдылық- қадірлі іс» атауымен жарыс өткізіп, ойыннан түскен қаражатты қайырымдылыққа жұмсады.



Балауса НҰРҚЫЗЫ  
kerekinfoaktobe@gmail.com

Университеттің әлеуметтік мәдени даму департаменті мен «Сұңқар» спорт клубы бірге волейбол турнирін өткізген. Қайырымдылық турниріне 8 команда қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Ойыннан жиналған қаражат қала тұрғынының еміне жұмсалмақ.

Науқасқа «Мұрын калқасының перфорациясы» деген диагноз қойылған. Оның мұрнындағы қалқа тесіліп, көлемі күннен күнге ұлғайып бара жатыр. Бұл ота Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында жасалады. Ота құны 2 миллион теңгені құрап отыр.

## «VOLUNTEER SCHOOL – 2024» ОБЛЫСТЫҚ ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Ақтөбеде ақпанның бесінен бері «Volunteer school -2024» облыстық жобасы жүзеге асырыла бастады. Жобаның бірінші легі 1 айлық курс негізінде өтеді. Жобаға 14 пен 25 жас аралығындағы 22 адам қатысып жатыр.

Арайлым ҚАСЫМ  
@araikassym

Жоба халықтың әртүрлі топтарымен және санаттарымен байланыс кезіндегі волонтерлардың рөліне басымдық беру мақсатын көздеп отыр. Шараның алғашқы күнінде волонтерлар мектебі ашылып, жалпы "волонтер" ұғымына түсінік берілді. Одан соң облыстағы белсенді еріктілер қозғалысы таныстырылып, "Оратор болып тұмайды, оратор болып қалыптасады" тақырыбында шеберлік сағаты өтті.

Қатысушыларға командалық жұмыс, көшбасшылық, қаржылық сауаттылық, кәсіпкерлік, IT және ЖИ, «BIRGEMIZ» жалпыұлттық, «U L A G A T» облыстық қайырымдылық жобалары туралы да ақпараттар берілді. Тыңдаушылар алған білімдерін практика жүзінде де пайдаланып көрді. Жоба спикерлері өз саласының мамандары, Ақтөбе облысына белгілі, волонтерлік



қызметте еңбек өтілдері жоғары, әлі күнге дейін волонтерлік қызметте жүрген аға буын өкілдері.

Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен шараға аудандардан ZOOM платформасы арқылы онлайн қатысқандар да болды. Жастар бастамаларын жүзеге асыру және

ұйымдастыру бөлімінің маманы Ақкенже Сағынова:

- «Volunteer school – 2024» облыстық жобасы алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Алғашқы легіміз 6 наурыз күні қорытындыланып, қатысушыларға сертификаттарымызды табыстаймыз. Араға 1-2 ай салып екінші лекті қабылдаймыз,-деді.

## МАЛАЙЗИЯЛЫҚ ПРОФЕССОРЛАР АҚТӨБЕЛІК СТУДЕНТТЕРГЕ ДӘРІС ОҚЫДЫ



Хериот-Уатт университетінің Малайзиядағы филиалынан келген профессорлар Юэнкиат Яп, Ли Вен Нам Жұбанов университеті базасында орналасқан британдық университет филиалының студенттеріне физика және химия пәндері бойынша дәріс өткізді. Бұл туралы университеттің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Арайлым ҚАСЫМ  
@araikassym

Профессорлар академиялық құрамның мүшесі, белсенді түрде ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізеді. Хериот-Уатт университетінің Малайзиядағы кампусында химия пәнінен дәріс беретін профессор Ли Вен Нам аналитикалық химия бағыты бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген. Физика пәні бойынша дәріс беретін Яп Юэнкиат

медициналық және радиациялық физика, лазер, фотоника, оптика, лазер және плазма физикасы тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулер жасаған.

- Ақтөбедегі Хериот-Уатт филиалының білім алушылармен, профессор-оқытушылар құрамымен танысқанымға қуаныштымын. Серіктестік аясында атқарылған жұмыстар студенттердің білім деңгейінен көрініп тұр. Алдағы уақытта физика пәні бойынша білімдерін жетілдіріп, бірлескен

жобаларды жүзеге асырамыз деген үміттемін, - дейді профессор Яп Юэнкиат.

Айта кетейік, британдық Хериот-Уатт университетінің Эдинбург, Дубай, Малайзия және Ақтөбе қаласында филиалы бар. Күзгі семестрде Эдинбург және Малайзия кампусының профессорлары жоспарға сәйкес Ақтөбе филиалында ғылыми жобалармен айналысып, тәжірибе алмасу және студенттерге дәріс беру мақсатында бірнеше рет келген.